

Ү.Р. Рахмет¹, Ж.С. Шалабаева¹, А.И. Омар^{1*}

¹ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан, Түркістан қ.

КӨРНЕКІЛІКТЕР – ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЕНСОРЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі заманғы оқыту барысында көптеп қолданылып жүрген көрнекілік әдісі туралы баяндалған. Көрнекіліктердің ең алғаш қалай пайда болғаны, оны қолданудың алғашқы ережелерінен бастап, қазіргі заманауи көрнекі құралдар, олардың қолданылу жүйесі және зерттеген ғалымдардың еңбектері қарастырылып зерттелінді. Сонымен қатар зерттеуімізде көрнекіліктерді оқушылардың сенсорлық дамуымен байланыстырдық, оқушылардың сезім мүшелеріне қалай әсер ететіндігіне тоқталынды. Негізгі мақсатымызда осы көрнекіліктерді қолдануда оқушылардың сенсорлық қабілеттерін дамыту болды. Тек арнайы сабақтарда ғана емес, күнделікті сабақ барысында пайдалануға мүмкіндік тудыру. Адам естігеннен гөрі, көргенді жақсы есте сақтайды. Сол себепті жаңа дүниені енді танысып келе жатқан оқушылар үшін көрнекіліктер таптырмас көмек деп айтуымызға болады. Негізінен сабақ барысында қарапайым сөзді қайталағаннан, оның түсін-түстеп көрсеткен тиімді. Оқушылар үшін де ол қызықты болады деген оймен көрнекіліктерді зерттедік. Зерттеуімізге негіз ретінде шетелде кең қолданысқа ие, бізге енді қосылып жатқан интеллект-картаны алдық.

Негізгі ұғымымыз болғандықтан көрнекі құралдарды қолданудың мақсаттары, дұрыс қолдану жолдары және оның тиімділігі қарастырылды. Көрнекіліктерді сабақ барысында қалай дұрыс, әрі тиімді қолдануға болады деген сұрақтардың шешімі көрсетілді.

Түйін сөздер: көрнекілік, бастауыш сынып, сенсорика, қабілет, интеллект-карта.

Рахмет У.Р.¹, Шалабаева Ж.С.¹, Омар А.И.^{1*}

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
Казахстан, г. Туркестан

НАГЛЯДНОСТЬ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ СЕНСОРНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩЕГОСЯ

Аннотация

В статье рассказывается о методе наглядности, который все больше используется в ходе современного обучения. Как впервые появились наглядные пособия, начиная с первых правил их использования, были рассмотрены и изучены современные наглядные пособия, система их применения и труды изученных ученых.

Также в нашем исследовании мы связали наглядность с сенсорным развитием учащихся, остановились на том, как они влияют на органы чувств учащихся. Основной целью было развитие сенсорных способностей учащихся к использованию этих наглядных пособий. Не только на специальных занятиях, но и на ежедневных занятиях. Человек лучше запоминает увиденное, чем слышит. Поэтому для школьников, которые только знакомятся с новым миром, наглядность – незаменимая помощь. В основном, в ходе урока полезно не повторить простое слово, а показать его цвет. Мы изучили визуальные эффекты, думая, что это будет интересно и для школьников. В качестве основы для нашего исследования мы взяли интеллект-карту, которая уже используется за рубежом.

Были рассмотрены цели использования наглядных пособий, способы их правильного применения и эффективность. Было показано решение вопросов о том, как правильно и эффективно использовать наглядность в ходе урока.

Ключевые слова: наглядность, начальная школа, сенсорика, способности, интеллект-карта, ученик, ход урока, развитие.

U.R. Rakhmet¹, Zh.S. Shalabaeva¹, A.I. Omar¹,
¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
Kazakhstan, Turkestan

VISIBILITY AS A MEANS OF DEVELOPING CHILDREN'S SENSORY ABILITIES

Abstract

The article describes the method of visualization, which is increasingly used in the course of modern education. How visual aids first appeared, starting from the first rules of their use, modern visual aids, the system of their application and the works of the studied scientists were considered and studied.

Also in our study, we linked visual clarity with the sensory development of students, and focused on how they affect the sensory organs of students. The main goal was to develop the sensory abilities of students to use these visual aids. Not only in special classes, but also in daily classes. A person remembers what he sees better than he hears. Therefore, for students who are just getting acquainted with the new world, visibility is an indispensable help. Basically, during the lesson, it is useful not to repeat a simple word, but to show its color. We studied the visual effects, thinking that it would be interesting for schoolchildren as well. As the basis for our research, we took the intelligence map, which is already used abroad.

The purpose of using visual aids, how to use them correctly, and their effectiveness were considered. The solution of questions on how to use visual clarity correctly and effectively during the lesson was shown.

Keywords: visibility, primary school, sensory skills, abilities, intelligence-map, student, lesson progress, development.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында алдына қойған мақсаттарының бірі, ол: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» деп берген [1] (Бағдарлама 2020, 26). Педагогтың жұмысы қарапайым болып көрінгенімен, шын мәнінде өте күрделі жұмыс. Оның алдында мемлекет азаматын тәрбиелеу деген үлкен міндет бар. Оқушыларға дұрыс білім беру, оны бәсекеге қабілетті тұлға ретінде даярлау маңызды жүк.

Мұғалім өзінің қай бір ісіне болсын аса ұқыптылықпен қарауы тиіс. Оқушыларға білім беруде түрлі әдіс-тәсілдерді сынап көріп, тиімдісін таңдап, оны дамытуды да өзіне міндет етіп алуы қажет деп есептейміз. Міне, осыған байланысты біздің мақаламыздың негізгі ойы шығады. Біз бұл мақалада түрлі әдіс-тәсілдер арасынан көрнекілік әдісін алдық. Оның оқушыларға тигізер ұтымды тұстарын іріктеп бөлісуді жөн санадық. Көрнекіліктер балалардың қай іс-әрекетіне болсын тиімді әсер етеді, олардың есте сақтауына және қоршаған ортамен байланыста болуға машықтандырады. Осы көрнекіліктердің балалардың сенсорлық қабілеттерін дамытуға оң әсер ететіндерін іріктеп алу және оларды зерттеу біздің зерттеуіміздің өзектілігі болып отыр.

Көрнекі құралдарды қолдану: оқу материалын терең түсінуге және ұғынуға; тез және нәтижелі есте сақтауға; оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алуға (11 жасқа дейінгі оқушыларда көрнекі-бейнелік және нысанды-амалдық ойлау басым болады. Дайындық кезеңнің материалдарын оқытып-үйретуде тиімді әдіс – көрнекі оқыту әдісі); көру арқылы материалды берік және саналы игеруге; күшіне деген сенімділіктің күшеюіне; елестету мен шығармашылық қиялдың дамуына; балаларға эстетикалық тәрбие беруге; бала сезімінің дамуына ықпал етеді [2].

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. Балалар барлығын бірден біліп, үйренбейді. Олар барлығын түсініп, қабылдаулары үшін біраз уақыт талап етеді. Осы уақытты қысқарту мақсатында қазіргі таңда және өткен ғасырларда да көптеген жұмыстар жүргізілген, жүргізіліпте келеді. Солардың бірі де бірегейі ретінде біз көрнекіліктерді айтуымызға болады. Көрнекілік – оқыту және ақыл-ойды дамыту құралы болып табылады.

Зерттеу әдістері мен материалдары: Педагогика саласындағы көп қолданылатын және тиімді болып табылатын әдістердің бірі – көрнекілік әдісі. Көрнекілік – бұл оқушылардың ақыл-ойын дамытушы құрал болып табылады.

Көрнекіліктер педагогика тарихында ерекше орын алады. Олар дидактикалық принциптерінің ең маңызды түрлерінің бірі болып табылады. Көрнекіліктер біз ойлағаннан да ерте қолданысқа ие болған, себебі тіпті жазу әлі пайда болмаған кезде де кең сұранысқа ие болды. Бірақ ерте ғасырларда оны қолдану қағидалары қалыптаса қоймады. Ең алғаш көрнекілік принциптерін жазған Я.А. Коменский болатын. (Я.А. Коменский бұл принципті «Дидактиканың алтын ережесі» деп атаған. Көрнекілік принциптің құралдары: нақты объект; көлемді құралдар (модель, макет, муляждар және т.б.); көркемсурет (картиналар, фотосуреттер, диафильмдер, т.б.); аудио, видео аппараттар және т.б.); Ол өзінің «Ұлы Дидактика» еңбегінде көптеген құнды дүниелер жазған болатын, олар әзірге дейін өз қасиеттерін жойған жоқ [3].

«Көрнекілік» деген сөздің түп-тамыры көру етістігі болғанымен, қазір оның аясы кеңейген, «Көрнекілік – оқушылардың тікелей қабылдауы кезінде нақты түрде әсер ететін дидактикалық ұстаным» деген анықтама беріледі. Қазақтың ағартушы-ғалымы Ы.Алтынсарин мектепте сабақ берген кезде, тек оқу білім беріп қана қоймай, оны көркем ете білуді де қарастыру қажеттігіне аса назар аударған. Сабақ барысында оған сай әдістемелік құрал-жабдықтар мен көрнекіліктердің болуында міндеттеген [4].

Көрнекіліктер сабақ барысында қолданылатын тиімді дидактикалық материал ретінде, мектепте және мектепке дейінгі ұйымдарда кең қолданысқа ие. Көрнекіліктерді бет алды пайдалану дұрыс емес, олар талапқа сай және өтілетін сабақ тақырыбымен тығыз байланыста болуы шарт. Бұл әдіс оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыруға көп көмегін тигізеді, және бір сарынды сабақ жүйесінен шаршаған оқушылар үшін тың дүние. Мұғалім сабақты қызықты түрде жеткізуге мүмкіндік алады, оқушылардың бар зейінін өзіне аударуға мүмкіндік туады. Көрнекілікті сабақтың кез келген бөлігінде қолдануға болады. Яғни, жаңа материалды түсіндіруде, бекітуде, бақылау және қайталау сабақтарында пайдалануға болады. Көрнекіліктер шартты түрде екіге бөлінеді:

– көру көрнекіліктері және есту көрнекіліктері.

– көру көрнекіліктеріне сызба, үлестірмелі кеспе қағаздар, оқулық, кітаптар, буклеттер, экранды және техникалық құралдар жатады.

– есту көрнекіліктеріне техникалық құрал түрлері, қосымша материалдардан алынған әңгіме-леу жатады.

Көрнекі құралдардың қолдану тиімділігі жоғары болғаны жөн. Ол тек сабақты сырт түрлендіру рөлін атқармай, мұғалімнің беретін ақпаратын еселеп, көрнекі түрде жеткізе алатын тірек болуға тиіс. Қазіргі таңда көрнекі құралдарды сабақ барысын пайдалану кең етек алып келе жатыр. Оларды тек ескі, қарапайым тәсілмен ғана емес, сонымен қатар жаңа заманауи құрылғылармен жаңалап қолдану қолданысқа енуде. Бұл дегеніміз, бізге көрнекі құралдарды одан әрі дамытуға және оны тиімді мақсатта қолдануға мүмкіндік тудырып отыр. Мысалы: көрнекі құралдар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыруға, оқушылардың барлығы бірдей көрнекіліктерді көре алуына және сабақты түсінуіне жағдай жасайды. Кітапта берілген ақпараттарды құр сөзбен ғана түсіндіргеннен гөрі, оны көрсету арқылы оқушыларда бейнелі-қабылдау, ойлау жақсы дами түседі. Бұл өз кезегінде оқушылардың танымдық ойлауын дамытады.

Қазіргі біз сияқты жас мамандарға мектепке барып сабақ беруде, көрнекіліктерді дұрыс қолдану бойынша бірнеше кеңес айтып өтсек:

Бірінші кезекте сабақ барысында көрнекіліктерді қолданбас бұрын, сізге қандай тақырыпта қолданатыныңызға аса мән беріңіз.

Сабаққа алдын ала мақсат-міндет қойып алыңыз, және сол бойынша жұмыс жасаңыз.

Зерттелетін немесе өтілетін тақырып бойынша нақты ақпараттарды ғана енгізу.

Оқушылар осы көрнекі құралдар арқылы өтіліп жатқан пәннің, және тақырыптың маңызы, өмірмен байланыстылығы туралы жан-жақты ақпараттар алады.

Көрнекіліктермен таныстық, енді бұларды қалай қолданамыз?! Көрнекіліктерді қолданудың өзіндік тәртіп, ережесі бар. Мысалы, ең бірінші мектепте оқушыларға көрнекіліктерді ұсынғанда олар эстетикалық талғамға сай келуі қажет, яғни, жинақы, оқушыларға түсінікті болуы шарт. Екіншіден сабақ мазмұнын ашатындай түсінікті жасалуы керек.

Келесі бір маңызды реті бұл көрнекіліктерді жасағанда, сынып оқушыларының барлығына көрінетіндей, үлкен көлемде, анық және айқын жасалынуы тиіс. Әрбір сабақ барысында тақырыпқа байланысты көрнекілік реті және көлемі мен ақпарат мөлшері сақталынып отыруы маңызды. Бір тақырыпқа байланысты бірнеше көрнекілік түрлерін үсті-үстіне қолдану оқушыларға сабақты түсінікті етеді деген сөз емес, керісінше олардың ынтасын, қызығушылығын жоғалтып алу қаупі бар.

Көрнекіліктерді, әсте, оқушыларға жаңа тақырыптарды түсіндіру барысында қолданған абзал. Өздеріне кұпия, жаңа дүниелермен танысқанда, аса қызығушылық пен зейінін арттыру мақсатында. Себебі бастауыш сынып оқушылары өмірде әлі көп нәрсемен таныс емес, олардың біліп-үйренерлері көп. Сынып мұғалімі оқушыларға көрнекілік түрлерін дайындағанда сабақ тақырыбын ашатын, мақсатқа сай әзірлей білуі керек, және сол дайын дүниелерді сабақтың қай кезеңінде пайдалану керектігіне де аса назар аударғаны абзал. Себебі «темірді қызған кезінде соқ» дегендей, әр нәрсенің өзінің уақыты бар. Сол уақытты дұрыс тауып, тиімді пайдалану керек.

Адам баласы өзін қоршаған ортаны, дүниені, құбылыстарды бес сезім мүшесі арқылы сезініп, түйсінеді. Оның ішінде ақпаратты ең көп қабылдайтын сезім мүшесі – көру болып табылады. Көру арқылы қабылданған ақпараттар оқушылардың есінде жақсы сақталатынын ескерсек, кейбір заттарды тіпті көрнекіліксіз есте сақтау мүмкін емес. Сондықтан оқытудың алтын ережесі: көрініп тұрған заттарды көрсету, еститінді естірту, иіскететінді иіскету, дәмін татып көретінді дәмін таттыру. Көрнекілік арқылы оқушылардың қоршаған орта мен өмір құбылысын және заттарды салыстыра отырып ойлап, қабылдау арқылы оқушылардың сана-сезімі қалыптасады, мәселені түйсіну деңгейі артады. Көрнекілік әдіс – барлық пәнде сабақ сайын қолданылатын әдіс болып табылады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты болғандығы анық. Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, ұнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді. Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен де өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды және оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырып, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Бастауыш сынып оқушыларына ұғымдарды түсіндіріп, оларды қалыптастыру күрделі процесс. Ол мынадай жолмен жүреді: сезіну → қабылдау → ұсыну → тұжырымдау [5] (Шарапов 2013). Бұл дегеніміз оқушы ең бірінші кезекте өзі алғаш көрген нәрсені сезінеді, оған қарайды, ұстап көреді, дыбысы болса естиді. Содан кейін оны бар болмысымен қабылдауға тырысады. Сосын оны көпшілікке ұсынып, өзіндік тұжырымдама жасайды.

Қазіргі заман психологтарының пайымдауынша: адам өз естігендерінің 10%-ын есте сақтайды, ал көргендерінің 50%-ын, ал іс- жүзінде жасалған жұмыстың 90%-ын есте сақтайды екен. Бұл дегеніміз, біз оқушыларға сабақты көрнекіліктерді қолдану арқылы ұйымдастыратын болсақ онда біз мақсатымыздың 50%-ын жүзеге асырған боламыз. Ендігі біздің мақсат осы мөлшерді арттыру. Ол үшін біз оны іс-жүзіне, яғни, практикаға жетелейміз. Көрнекті орыс ғалымы В.А. Сухомлинский өзінің «Сердце отдаю детям» еңбегінде балалардың қабілеттері мен дарындарының бастауы саусақтарының ұшында деген екен. («Истоки способностей и дарований детей находятся на кончиках пальцев») [6]

Сенсорлық даму оқушылардың ақыл-ойының дамуының негізі болып табылады және оның танымдық, жеке саласын қалыптастырады. Сенсорлық моторикасы дамыған балалардың логикалық ойлауы жетілген, есте сақтауы жақсы дамыған, қабылдауы мен байланыстырып сөйлеуі жоғары деңгейде болады.

Заман талабына байланыста сабақ барысында жанды-жансыз табиғат объектілерін, суреттерді және түрлі көркем өнер туындыларын пайдаланудың маңызы зор. Қазір 21 ғасырда техникалық құрал-жабдықтарды қолдану заман талабы десекте болады. Мектептерде тіпті арнайы интерактивті құрал-жабдықтармен дайындалған бөлмелер бар, олармен жұмыс жасаған өте ыңғайлы. Бұл көрнекі құрал-жабдық құрылғыларымен аудио, видео, сурет және т.б. жұмыс түрлерін жасап, көрсетуге мүмкіндіктер бар.

Көрнекі әдістерді пайдалану барысында ақпараттық материалды игеру оқу процесінде көрнекі құралдар сұлбе (схема), кесте, сурет, модельдер, приборлар, техникалық құралдарды тікелей қолдануға тәуелді. Бұлардың бәрі оқушының сезім тетіктеріне ықпал жасауға негізделіп, сөздік және практикалық әдістермен бірге пайдаланылады [7] (Бабаев 2005). Бұл бірлескен іс-әрекетте мұғалім мен оқушы тығыз байланысқа ие болады, және оқушылардың бар назары көрнекіліктермен мұғалімге аударылады, сабаққа деген ықыласы артады. Осындай байланыста біз көрнекіліктің тағы бір «тірек-сызба» түрін қолдануымызға болады. Тірек – сызбалармен жұмыс істеу – оқушылардың логикалық ойлау әдісін кеңейтіп, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттырады. Тірек – сызбаларды сабақта

қолдана отырып оқыту оқушының оқу материалдарын тез меңгеріп, жеке тұлғаның қалыптасуына әсерін тигізеді. Тірек-сызбаларды, көбінесе, бекіту, қайталау сабақтарында қолдануға болады.

Жеке тұлғаның бойында өзіндік әрекетінің нәтижесінде мынадай қасиеттер қалыптасады:

1. Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздығы.
2. Оқуға деген қабілетінің артуы.
3. Өз ойының дербестігі.

Міне, оқушылар осындай қасиеттерді өз бойларына сіңіре алады [8] (Толешова 2018, 324б). Жалпы айтқанда, тірек-сызбамен оқыту – заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс. Дидактиканың, тәрбие теориясының, психологияның таным теориясының барлығының түйіскен нүктесінде қарастырылатын мәселе.

Жаңа ғасырдың бастауына дейінгі педагогикалық және жеке пән әдістемесі саласындағы зерттеулер мен практикалық тәжірибелерді ескере келіп оқытудағы әдістеме мына тұрғыда жүйеленді:

1. Түсіндірме иллюстративті әдіс.
2. Репродуктивті әдіс.
3. Проблемалы баяндау әдісі.
4. Ішінара іздену немесе эвристикалық әдісі.
5. Зерттеу әдісі.

Оқыту барысында бұл әдістердің әрқайсысының ерекшеліктерін, оларға тән өзгешеліктерді пәннің және болашақ маманның меңгеретін ғылымына үйлестіре алынған деректер келтіре отырып талдайтын боламыз [9] (Әлқожаева 2015,146 б).

Көрнекі құралдарға тек қана плакаттар жатпайды, олардың түрлері өте көп. Және оларды түрлі мақсаттарда қолдануға болатындығына көз жеткізу осы мақаланы жазуға әсер етті десек те болады. Сабақ ол оқытушы мен оқушы арасындағы байланыс. Осы оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты нығайту мақсатында келесі жұмыс түрлеріне назар аударған жөн: Оқушыға сенімділікті орната білу. Яғни, пәнді толықтай игеретіндігіне, алдына қойылған мақсаттарды орындай алатындығына сенімін арттыру. Себебі егер адам өз-өзіне сенетін болса, онда ол өз бетінше жұмыс жасай алады, қолынан келеді деген сөз. Сабақтың балаларға толықтай түсіндірілуі және сабақ барысының қызықты өтуі мңызды. Мұндай маңызды сәтте мұғалімге ең бір көмекші құрал ол көрнекіліктер деп, ерекше атап өтсек болады. Көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, және материалдарды жеңіл игеруге мүмкіндік береді.

Көрнекілікпен түсіндірілген материалды оқушылар тез қабылдап, жеңіл меңгереді. Есінде ұзақ сақтайды. Сабақта ұтымды қолданылған көрнекіліктер ерекше қызмет атқарады деген.

Сезім мүшелері сыртқы тітіркендіргіштерді түрліше қабылдайды. Ең сезімтал - көру мүшелері. Олар арқылы миға енетін ақпараттар оқушылардың есінде жақсы сақталады. Кейбір заттарды есте сақтау көрнекіліксіз мүмкін емес.

Бүгінгі таңда мектептер өндіріс орындарында жасалған қажетті көрнекі құралдармен толық жабдықталған. Алайда ішінара кейбір ауыл мектептерінде көрнекі құралдардың толық комплектісі болмауы мүмкін. Сондықтан көрнекі құралдарды қолдан жасау күн тәртібінен түскен жоқ.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Көрнекілікті оқу процессінің барлық кезеңінде пайдалануға болады, бірақ оны жай қолдануға болмайды. Көрнекілікті белгілі тақырып мақсатында пайдаланғанда ғана тиімді құрал болып саналады. Кез келген сабақта көрнектілікті маңызды қолдану оқушылардың пәнге деген ынтасын арттыру, қызықтыруда үлкен роль атқарады. Пән кабинеттерін қажетті көрнекіліктермен жабдықтау сапалы білім беруге үлкен септігін тигізеді. Кабинеттердің қазіргі заман талабына сай көрнекіліктермен жабдықталуы, кабинеттерде техникалық көрнекіліктің болуы өмір талабы. Ескеретін бір нәрсе, көрнекілікті қалай болса солай қолдана бермей қажетінше, тиімдісіне қарай пайдалана білудің маңызы зор. Мысалы, математика сабағында геометриялық фигураларды өткен кезде фигуралардың әр түрлі моделдерін көрсету оқушылар үшін пайдалы болады да, кейінірек кеңістік қиялын дамытқанда кері әсер етеді.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны мұғалім мен оқушының арасындағы негізгі бастамалардың барлығы мұғалім арқылы жүзеге асырылады.

Мұғалімнің басты мақсаты – қоғамның сұранысына лайықты ізгілік қасиеттерді бойына сіңірген тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Бүгінгі таңдағы Қазақстанның білім кеңістігіне еруге деген мүдделілігі осы салада халықаралық әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан озық деп танылған оқыту моделдерін өз мүмкіндігіне сай үлестіре қолдану үшін заман талабына лайық отандық білім беру стратегиясы мен тактикасын жаңалаудың қажеттілігін арттырып отыр. Өйткені ұлттық бәсекелестік қабілеті, бірінші кезекте, оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кіріп білім беру жүйесін халықаралық деңгейде көтеруді талап ететіні сөзсіз.

Оқушыларға арналған жаңашыл, ерекше көрнекіліктердің бірі – интеллект карта. Интеллект карта бұл кез келген жасқа арналған, әртүрлі бағытта қолдануға болатын құрал. Интеллект карта әдісі- қоршаған ортаны жан-жақты, әр қырынан тануға арналған әмбәбап тәсіл.



1-сурет. Ричард Лин жасаған миды компьютер ретінде ұсынатын интеллект картасы

Төмендегі кестеде интеллект картасын құрумен салыстырғанда дәстүрлі конспектингтің негізгі ерекшеліктері келтірілген.

1-кесте. Дәстүрлі сабақпен интеллект-картаның ерекшеліктері.

Дәстүрлі сабақ	Интеллект - карта
Сызықтық	Көпаспектті
Біртүсті	Көптүсті
Вербальді	Түстер мен суреттердің үйлесімі
Тізімдер	Ассоциациялар
Жүйелілік	Көпжоспарлы
Шектеулі	Қиялға ерік беруші
Жүйесіз	Аналитикалық

Интеллект-картаны құру ережелері:

– Бірінші кезекте нақты тақырып таңдау қажет;
– Таңдалған парақ немесе плакат ортасына ерекше назар аударылатын негізгі сурет орналастырылады;

– Негізгі суреттен әртүрлі бағытта түрлі тармақтар шығарылады. Бұл тармақтар осы суреттің маңызын, мәнін ашатындай болуы шарт. Әр тармаққа өзінше түс таңдап алынуы тиіс, бұл интеллект-картаны әсемдей түседі, және қолданушының қызығушылығын арттыра түседі. Мұндағы қолданылатын түстер саны 8 (сегіз) түстен аспауы шарт.

– Басты суретке (немесе тармаққа) байланысты суреттер, түрлі пішіндер және басқа танымдық белгілер қолданылуы керек. Ұсақ тармақ ұштарына басты тармаққа байланысты суреттер таңдалынады, олардың сандары да көп болмағаны жөн. 5-7 сурет жеткілікті. Себебі егер суреттер көп болса, онда оларды ішінара тағы топтарға бөлуге тура келеді, ал бұл өз кезегінде оқушылар үшін түсініксіз болуы мүмкін.

Интеллект-картаның ерекшелігі: тартымдылық: жақсы интеллект - картаның өзіндік эстетикасы болады, оны қараудың өзі қызық және көңілді көтеріп сүйсіндіреді; көрнекілік: баланың интеллект-картаны бір рет қарап, белгіленген тақырыптың жан-жақтылығын, толып жатқан қырларын байқауы (заттар түрінде, нысандар, суреттер және онымен іс- әрекеттің реттілігі интеллект-картада барынша берілген), есте сақтау (бас миының екі жартышарының жұмысының нәтижесінде, бейнелер мен түстерді пайдалана отырып, интеллект-карта жеңіл есте сақталады), шығармашылық (интеллект-

деген қызығушылықтары мен жұмыс көңіл – күйін қалыптастырады. Оқу процесінде болған сәтті қиындықтар оқушылардың танымдық белсенділіктерін дамытуға оң әсерін тигізеді. Практикада негізгі үш білім көзі анықталады: сөз, көрнекілік және іс-әрекет. Біз оларды былай ажырата аламыз:

Сөздік әдістер – білім көзі тек ауызша не жазба сөз ретінде қызмет етеді;

Көрнекі әдістер – білім көзі көрнекі құралдар, түрлі заттар;

Іс-әрекеттік әдістер – білім оқу, түрлі ойын түрлері және еңбек нәтижесінде қалыптасады.

Зерттеуімізде біз көрнекіліктерді тек әдіс ретінде қарастырдық, бірақ кей кезде біз оны тәсіл ретінде де қолданамыз. Мысалы, егер мұғалім жаңа тақырыпты сөздік, ауызша әдіспен (түсіндіру, әңгімелеу, сұхбат) түсіндіргенде көрнекі құралдарды пайдаланса, онда бұл көрнекілік – тәсіл ретінде қабылданады. Ал егер көрнекіліктер тақырып түсіндіруде негізгі құралы болып, соның негізінде оқушылар жаңа білім ақпараттарын алатын болса, онда көрнекілік - әдіс, ал мұғалімнің қалған оқу іс-әрекеттерінің бәрі тәсіл болып есептеледі. Оқытудың көрнекілік әдісінің толық мәнді сабақ өткізіп, берік білім беру қиын. Мысалы ағылшын тілін, немесе кез-келген басқа тілді үйретуде де ең нәтижелі және жиі қолданылатын әдіс – көрнекілік әдіс.

Әсіресе, бастауыш және орта буын оқушыларына түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтар мен макеттерді көрсету арқылы сөздерді, сөз тәркестерін үйретіп, сөйлеуге баулуға болады. Көрнекілік өтіп жатқан тақырыпқа сай, көзге тартымды, эстетикалық жағынан талапқа сай, көлемі ірі. екі немесе үш түстен болуы қажет деп есептеймін. Мысалы, «Спорттық киімдер», «Дүкенде», «Дәрігерде» тақырыптарын өткенде киімдердің, қажетті заттардың суретін көрсету арқылы немесе сыныпқа кәдімгі киімдерді, бұйымдарды көрсету арқылы жүзеге асыруға және әр түрлі тірек кестелер, тірек сөздер, сызбалар арқылы да сөздерді, сөз тіркестерін үйретуге болады. Ы. Алтынсарин: «балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Сондықтан оқушыларға білімді сапалы меңгертуде көрнекілік әдісін пайдаланудың маңызы зор. Көрнекіліктер кез келген тақырыпты ашып көрсете алатын, және қолданушының назарын өзіне аударуға қабілетті бірден бір құрал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :

1. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2020. 133б. URL: <https://primeminister.kz/kz/gosprogrammy/kr-bilim-berudi-zhane-gylymdy-damytydyn-2020-2025-zhyldarga-arnalghan-memleketitik-bagdarlamasy--9115948>.
2. Сағымбекова П.С. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі // Оқу құралы, 2 – ші толықтырылған басылым. Тараз, 2016. 234 б.
3. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. Педагогика. Москва, 1982. 656 б.
4. Ыбырай Алтынсарин – педагог, агартушы. Павлодар: Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, 2017. 378б.
5. Шараров В.Н. Наглядность и процесс формирования понятий в начальной школе // Начальная школа. 2013. Vol. 7. 16–17б.
6. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. Киев: «Радянська школа», 1973. 154 б.
7. Бабаев С.Б. Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. Алматы: «Нұр-пресс», 2005. 228 б.
8. Толешова Н.Ж. Өзгетілді мектептердің оқу сабақтарында ақпараттық –коммуникациялық технологияны қолданудың маңызы // Актуальные вопросы современных исследований (topical issues Mod. Res. 2018. 324–627б.
9. Әлқожаева Н. С. Педагогика // Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2015. 220б.
10. Бьюзен Т. Интеллект-карты . Полное руководство по мощному инструменту мышления. Москва: ООО «Манн, Иванов и Фербер», 2019. 113 б.
11. Шалтакова Э.Ж. Интеллект – карта арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру // Дана бала. 2020. № 2. 70б.

References:

1. Kazakhstan Republicasynyn bilim berudi jane gylymdy damytydyn 2020-2025 jylidarga arnalgan memleketitik bagdarlamasy 2020.- 133b. URL: <https://primeminister.kz/kz/gosprogrammy/kr-bilim-berudi-zhane-gylymdy-damytydyn-2020-2025-zhyldarga-arnalghan-memleketitik-bagdarlamasy--9115948>[In Kazakh].
2. Sagymbekova P.S. Bastauysh mektepte matematikany okytu adistemesi. Oku kuraly,2-shi tolyktyrylgan basylym. Taraz, 2016,-234b [In Kazakh].
3. Komenskiy I.A.A. Izbrannyye pedogogicheskiye sochinenie. Pedagogika. Moskva,1982.-656b [In Russian].
4. Ybyrai Altynsarin – pedagog, agartushy. Pavlodar: Pavlodar memleketitik pedagogikalik instituty, 2017-378b [In Kazakh].
5. Sharapov V.N. Naglyadnost I process formirovanie poniatyi v nachalnoi shkole. Nachalnaya

shcola.2013. Vol. 7. P. 16–17. [In Russian].

6. Suhomlinskyi V.A. *Serdse ot daiy detiyam*. Kiev: Radyanska shcola, 1973. 154b [In Russian].

7. Babaev S.B. Onalbek J.K. *Jalpy pedagogika*. Almaty: <Nur-press>, 2005. 228b [In Kazakh].

8. Toleshova N.J. *Ozge tildi mektepterdin oku sabaktarynda akparattyk-communicatsionalyq technologyany koldanudyn manyzy*. *Actualnyie voprosy sovremennih issledovaniy*. 2018 – 627(324)b [In Kazakh].

9. Alkozhaeva N.S. *Pedagogika. Oku kuraly*. Almaty: Kazakh universitety, 2015. -220b [In Kazakh]

10. Biuzen T. *Intellect-karty. Polnoe rukovodstvo po tochnomu instrumentu myshleniya*. Moskva: OOO <Mann, Ivanov I Ferber>, 2019. 113b. [In Russian].

11. Shaltakova A.J. *Intellect – karta arkyly mektep zhasyna deyingi balaladyn tanyndyk is-areketyn kalypastyru*. *Dana bala*. 2020. № 2. b. 70. [In Kazakh].

МРНТИ 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.32>

Г.Б. Аубакирова,¹ А.М. Калимурзина,¹ Г.Н. Нюсупова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ОЛИМПИАДАЛАРҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аңдатпа

Дарынды оқушыларды анықтау және оларды олимпиадаларға дайындау – қазіргі қоғамның міндеттерінің бірі болып отыр. Ол үшін әр түрлі деңгейдегі іс-шаралар мен байқаулар өткізіледі. Олардың ішінде пәндік олимпиадалардың, соның ішінде географиялық олимпиадалардың алатын орны ерекше. Географиялық олимпиадалардың ерекшелігі – жалпы географиялық мәдениетті, географиялық ойлауды, құндылық бағдарларын, дарындылықты мектеп бағдарламасынан тыс шығармашылық тапсырмалар жүйесі арқылы, білімнің, шеберліктің, шығармашылық және эмоционалды – құндылық қызметінің тәжірибесін ескере отырып анықтау. Тәжірибе көрсеткендей, оқушыларды география пәнінен олимпиадаларға дайындаудың өз ерекшеліктері бар. Дайындық теориялық және практикалық компоненттерге ие болуы керек. Олимпиада тапсырмалары қызықты болуы керек, бірақ олардың мазмұны классикалық ғылыми тұжырымдамаларға негізделуі және мүмкіндігінше географиялық ғылымның жаңа жетістіктерін ескеруі тиіс. Зерттеуде оқушыларды география пәнінен олимпиадаларға дайындаудың заманауи технологиялары мен түрлі олимпиада тапсырмаларына талдау жасалған.

Мақаланың мақсаты: оқушыларды география пәнінен олимпиадаларға дайындаудың заманауи технологиялары және олимпиада тапсырмаларын талдау.

Түйін сөздер: олимпиада, географиялық олимпиада, олимпиада тапсырмалары, географияны оқыту, дарынды оқушы.

Аубакирова Г.Б.,¹ Калимурзина А.М.,¹ Нюсупова Г.Н.¹
¹Казакский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПО ПОДГОТОВКЕ ШКОЛЬНИКОВ К ОЛИМПИАДАМ ПО ГЕОГРАФИИ

Аннотация

Выявление и подготовка одарённых учеников – одна из задач современного общества. Для этого проводятся мероприятия и конкурсы различного рода и уровня. Среди них особое место занимают имеющие многоступенчатую структуру олимпиады по школьным предметам, в том числе по географии. Особенность географических олимпиад – выявление общей географической культуры, географического мышления, ценностных ориентаций, одаренности через систему творческих заданий, выходящих за рамки школьной программы, с учетом базового уровня знаний, умений, опыта творческой и эмоционально-ценностной деятельности. Как показывает практика, Географические олимпиады имеют свои особенности подготовки. Подготовка должна иметь как теоретическую, так и